

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**Жалпы білім беретін мектептердің педагог-ассистенттеріне арналған  
«Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін  
балаларды педагог-ассистенттің сүйемелдеуі»  
педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагог-ассистенттің сүйемелдеуі» атты педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беру ұйымдарының арнайы педагог-ассистенттерін оқытуды реттейді.

Инклюзивті білім беру тәжірибесі жағдайында педагог-ассистенттің қызметтері өте маңызды – мұғалімді педагогикалық қызметінен алаңдатпай, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға білім беру процесіне қатысуға көмектесу, мектеп ережелерін сақтауға үйрету, құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату, олардың мінез-құлқының ерекшеліктерін реттеу тән. Педагог-ассистентті білім беру мекемелерінің штаттық кестесіне енгізу ерекше білім беруді қажет ететін көптеген балалар мен мүгедек балалар үшін сапалы білім алудың өзекті қажеттілігі болып табылады. Оқушылардың аталған санаты үшін білім беру ортасының жайлылығы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етіледі, оның буындарының бірі ретінде педагог-ассистент болып табылады. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында педагог-ассистенттерді даярлау бойынша бағдарлама әзірленуде, бірақ әзірге мұндай түлектер болған жоқ. Сондай-ақ қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердің педагог-ассистенттері үшін біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы жоқ. Барлық тізбеленген өзекті мәселелерді ескере отырып, аталмыш білім беру бағдарламасы әзірленді.

2. Біліктілікті арттыру курстарының мақсаты жалпы білім беретін мектепте мінез-құлығында бұзылыстары бар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға педагогикалық қолдау көрсету үшін тыңдаушыларды әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік білім және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Курсты оқу ұзақтығы 9 күнді құрайды, олардың әрқайсысы күніне

2 сағаттан 4 сабақты (8 академиялық сағат) қамтиды. Курстық сабақтардың мазмұны мен құрылымы осы Бағдарламаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Бағдарламада және оқу жоспарында берілген.

## 2. Глоссарий

4. Курстың глоссарийі келесідей негізгі ұғымдарды қамтиды:

1) Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

2) білім алуға арнайы жағдайлар – онсыз ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), онымен қоса мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдау, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар;

3) ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

4) ерекше білім беру қажеттіліктері – бұл ерекше қабілеттер немесе туа біткен не жүре пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларынан туындайтын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік;

5) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды айқындау;

6) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі ұйымдастырылған қызмет;

7) психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті – мамандардың ерекше білім беруді қажет ететін балалармен топтық және жеке сабақтарды психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогтар мен ата-аналарға консультациялар өткізу үшін жабдықталған бөлме (сынып бөлмесі);

8) бейімделген оқу бағдарламасы – оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасы;

9) жеке оқу бағдарламасы – зиятында бұзылыстары бар білім алушыларға арналған үлгілік бағдарлама негізінде және оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған оқу бағдарламасы.

## 3. Бағдарламаның тақырыбы

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесідей тақырыптарды қамтиды:
- 1) 1-тақырып. Инклюзивті білім беру ұғымы, саясаты және әдіснамасы;
  - 2) 2-тақырып. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база;
  - 3) 3-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар топтарының сипаттамасы;
  - 4) 4-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің сипаттамасы;
  - 5) 5-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;
  - 6) 6-тақырып. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (тәсілдері). ПМПК қорытындысы бар оқушының мектепте ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау;
  - 7) 7-тақырып. Оқушылардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі);
  - 8) 8-тақырып. Педагог-ассистенттің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Тексеру нәтижелерін құжаттамаға салу;
  - 9) 9-тақырып. Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі;
  - 10) 10-тақырып. АВА терапиясы. Мінез-құлығында бұзылыстары бар балаларды түзету кезінде мінез-құлық терапиясын қолдану ерекшелігі.
  - 11) 11-тақырып. Мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері.
  - 12) 12-тақырып. Мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың жағымсыз мінез-құлығын жеңудің әдістері мен тәсілдері.
  - 13) 13-тақырып. Мінез-құлығында бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу барысындағы сенсорлық интеграция әдістері.
  - 14) 14-тақырып. Баламалы коммуникация жүйелері. Қарым-қатынас жасау және мінез-құлығында бұзылыстары бар балалармен түзету жұмыстарында PECS баламалы коммуникация жүйелерін пайдалану.
- Курстың тақырыбы сапалы және/немесе сандық зерттеу әдістері арқылы педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде жүргізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері негізінде жасалды. Курс барысында тыңдаушылар педагог-ассистент қызметінің негізгі мақсаттары, бағыттары және қағидаттарымен; ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдерімен танысады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты тыңдаушыларды мұғалімдер және ата-аналармен ынтымақтастық жағдайда ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыруға дайындау болып табылады.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды «инклюзивті білім беру» ұғымының заманауи ұғымымен таныстыру;

2) инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық базаға шолу жасау;

3) жалпы білім беретін мектептің білім беру процесіне қатысушыларды (әкімшілік, қолдау мамандары, мұғалімдер) инклюзивті білім беруді дамыту мәнмәтініндегі қызметтермен таныстыру;

4) білім беруде ерекше қажеттіліктер және оларды жалпы білім беру жағдайында қанағаттандыру жағдайлары туралы түсініктерді нақтылау;

5) жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмімен таныстыру;

6) педагог-ассистенттер пайдалануы керек мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін терең зерттеу әдістемесін талқылау және пысықтау;

7) мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылар үшін қолдаудың жеке бағдарламасын жасау тәртібін ашу;

8) мінез-құлығында бұзылыстары бар ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдаудың педагогикалық қағидағдары, көзқарастары мен технологияларын талқылау.

8. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) инклюзивті білім берудің философиясы мен әдіснамасын; халықаралық нормативтік базаның негізгі ережелерін түсінеді; отандық нормативтік базаны біледі; оқушылардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін түсіндіру және мектепте оқушыларды қолдаудың негізгі бағыттарын айқындау кезінде әлеуметтік-педагогикалық модельді ұстанады;

2) мінез-құлығында бұзылыстары бар ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бағалау мен біліктілігіне командалық көзқарас алгоритмін түсінеді; психологиялық-педагогикалық қолдау құжаттамасын дұрыс рәсімдей алады;

3) оқушының даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін терең зерттеу әдістері, қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау технологиялары, мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылармен жеке сабақ өткізу әдістемесін меңгереді;

4) оқушылардың жетістіктерін критериалды (формативті, жиынтық) бағалау туралы түсінігі болады; мінез-құлығында қиындықтар туғызатын себептерді ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының білім беру процесін дараландырудың жалпы қағидағдары түсіндіру және нақты тәсілдерінің мысалдарын келтіруге қабілетті болады.

## 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 1-тақырып. Инклюзивті білім беру ұғымы, саясаты және әдіснамасы: «инклюзивті білім беру» ұғымын кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі ретінде заманауи түрде түсіндіру (БҰҰ, ЮНЕСКО). Инклюзивті білім берудің құндылықтары: білім алушылардың мүмкіндіктерінің әртүрлілігі – бұл кедергілер мен проблемалар емес, ресурстар; барлық білім алушыларды қолдау; мектептің барлық қызметкерлерінің білім алушыларды қолдау үдерісіне қатысуы; проблемаларды ұжыммен шешу, өзара көмек көрсету; жазба белгілерді («ерекше балалар», «біздің инклюзивтіктер», «инклюзиямен қамтылғандар») ілуден бас тарту. Инклюзивті білім берудің үш аспектісіне сипаттама: инклюзивті мәдениет, инклюзивті саясат, инклюзивті тәжірибе.

2) 2-тақырып. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түрде түсіндіру; инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: БҰҰ-ның Конвенциялары, 1994 жылғы Саламанка Декларациясы және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіз: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның Заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»; Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары, Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары, Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары туралы бұйрық, Психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары туралы бұйрық, басқа да өзекті нормативтік құжаттар.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 3-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар топтарының сипаттамасы: ЭЫДҰ ұсынған оқуда қиындықтары бар (ерекше білім беру қажеттіліктері бар) балалардың 3 тобы: дамуында бұзылысы бар балалар (Disabilities); оқуда (бір немесе одан да көп пән бойынша) қиындықтары бар балалар, мінез-құлығында және эмоциялық проблемалары бар балалар (Difficulties); ерекше білім беру қажеттіліктері қолайсыз – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени жағдайларға байланысты пайда болатын балалар (Disadvantages).

2) 4-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы: білім беруде ерекше қажеттіліктерді ерекше қабілеттер, туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының салдарынан туындайтын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік ретінде анықтау. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің топтары, олардың сипаттамасы: 1-топ – оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзгерту, оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы әдістері, оқулықтарды іріктеу, жеке оқу материалдары, оқу нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін өзгертуге қажеттіліктер; 2-топ – техникалық құралдар, кедергісіз орта, оқу орнын бейімдеуге қажеттіліктер; 3-топ – белгілі бір саланың мамандарының (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) көмегіне және педагог-ассистенттің қолдауына қажеттіліктер. Ерекше қажеттіліктердің әрқайсысының іске асырылуын нормативтік және құқықтық қамтамасыз ету;

3) 5-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы: білім беруде ерекше қажеттілігі бар балалардың санаттары: есту қабілеті (естімейтін, нашар еститін), көру (көзі көрмейтін, нашар көретін), зияты, сөйлеу тілі бұзылыстары, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, күрделі түрде бұзылыстары бар, эмоциялық-ерік саласында бұзылыстары бар, оқытуда ерекше қиындықтары бар балалар, сондай-ақ білім беруде ерекше қажеттіліктері эмоционалды-мінез-құлық проблемалары мен қоршаған орта факторлары: психологиялық, әлеуметтік, тілдік және өзге де. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың үш тобының психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың топтарын ажыратудың психологиялық-педагогикалық критерийлері;

4) 6-тақырып. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (көзқарастар). Білім беруде ерекше қажеттіліктерді бағалау және ПМПК қорытындысы бар білім алушыны мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау: білім беруде ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім беру үдерісін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі (көзқарасы) – инклюзивті білім берудің әдіснамалық негізі ретінде. Білім беруде ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар адамдарға қатысты медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдерді (көзқарастарды) салыстыру. Елде инклюзивті білім беруді дамытудың жүйелі көзқарас (Д. Митчелл). Қажеттіліктерді бағалаудағы командалық көзқарас. Қызметтерді мұғалім, ата-ана, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары арасында бөлу. ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары бар білім алушының білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмі («12 қадам»). Құжаттаманы талдау.

12. Мазмұндық модуль:

1) 7-тақырып. Оқушылардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі): баланың білім беруде ерекше

қажеттіліктерін сынып мұғалімі, психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда бағалауы. Құралдар жинағы және бағалау. Құжаттама;

2) 8-тақырып. Педагог-ассистенттің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың әрекеттерін ұйымдастыруы. Зерттеу нәтижелерін құжаттарға салу: Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының жақын арадағы даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын анықтау; қолдау түрін (толық, ішінара) анықтау, Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны мектептен тыс іс-шараларға қосу; педагог-ассистенттің қолдау қызметінің негізгі бағыттары; білім алушыны қолдауда отбасының әлеуетін пайдалану. Педагог-ассистенттің құжаттамасы.

3) 9-тақырып. Оқушыларды оқыту барысында туындайтын ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі: бастауыш және жоғары мектеп жасындағы балалардың психофизиологиясының ерекшеліктері; оқыту қиындықтарының пайда болу себептерінің сипаттамасы: жұмыс қабілеттілігінің төмендігі, қызметті ерікті реттеу, жоспарлау және бақылау қиындықтары; көру арқылы ақпаратты өңдеудегі қиындықтар; көру-кеңістіктегі ақпаратты өңдеудегі қиындықтар; есту-сөйлеу тілі арқылы ақпаратты өңдеудегі қиындықтар;

4) 10-тақырып. АВА терапиясы. Мінез-құлығында бұзылыстары бар балаларды түзету кезінде мінез-құлық терапиясын қолдану ерекшелігі. Мінез-құлықты қолданбалы талдау негізіндегі араласудың тиімділігі. Мінез-құлықты қолданбалы талдау негізіндегі оқытудың тиімділігінің үш құрамдас бөлігі. Мінез-құлық тәсілдерінің жіктемесі. Оқыту жағдайының компоненттері. Жаңа дағдыларды қалыптастыру. Жұмыстың бастапқы кезеңдерінде бекітуді қолдану ерекшеліктері;

### 13. Технологиялық модуль:

1) 11-тақырып. Мінез-құлығында бұзылыстары бар білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері. Білім алушының даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу әдістері. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жеке сабақтар өткізу әдістемесі. Білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын жасау тәртібі. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны. Бағдарламаны жүзеге асыру табыстылығының мониторингі. Сабақтарды жоспарлау, құжаттарды жүргізу және сабақтардың тиімділігіне ағымдағы мониторинг жүргізу;

2) 12-тақырып. Мінез-құлығында бұзылыстары бар білім алушылардағы жағымсыз мінез-құлықты жеңудің әдістері мен тәсілдері. Жағымсыз мінез-құлықтың себептері. Мінез-құлықты функционалды талдау. Жағымсыз мінез-құлықты түзету бағдарламасын жасау. Бағдарламаны жүзеге асыру табыстылығының мониторингі.

3) 13-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудегі сенсорлық интеграция әдістері: сенсорлық интеграция дегеніміз не. Сенсорлық интеграцияның бұзылыстары: белгілері. Сенсорлық интеграцияға

негізделген терапия. Ұсынылатын құрал-жабдық. Сенсорлық диета. Ойындар мен жаттығулар. Сенсорлық интеграция бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына арналған ұсыныстар.

14. Вариативтік модуль:

1) 14-тақырып. Қарым-қатынастың баламалы жүйелері. Қарым-қатынас жасауда бұзылыстары бар балалармен түзету жұмыстарында PECS баламалы коммуникация жүйесін пайдалану: қосымша және баламалы қарым-қатынас бойынша отандық және шетелдік жүйелеріне шолу. Қолданылатын құралдарға байланысты қарым-қатынас түрлері. PECS карточкаларымен алмасу жүйесі, Макатон жүйесінің бірліктері, PECS немесе Макатон жүйелеріне сәйкес жасалған интерактивті қосымшалар, Блисс жүйесі, жаһандық оқуды оқыту жүйесі, пиктограммасы бар Л.Б. Баряева, Е.Т. Логинованың «Мен айтамын!» құралдар жинағы. Карточкалармен алмасу арқылы қарым-қатынас жасау жүйесінің тиімділігі (The Picture Exchange Communication System; қысқаша – PECS). Жүйенің теориялық негіздері. Оқытуды құру қағидаттары. PECS оқытудың алты кезеңі.

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

15. Біліктілікті арттыру курстары төмендегідей режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі оқу. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 сағат (1 академиялық сағат – 45 минут). Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізудің тақырыптары мен түрлері өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқыту режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес аралас оқыту болады, ол оқытудың үш кезеңін қамтиды: күндізгі оқыту – 16 сағат, қашықтықтан оқыту – 8 сағат, өздігінен оқу – 48 сағат (1 академиялық сағат 45 минут). Күндізгі оқу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі.

16. Білім беру үдерісі оқытудың төмендегідей интербелсенді формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық мен жұптық түрде практикалық жұмыс, топтарда тренингтер, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, кейстер әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ вебинар, онлайн форум, онлайн консультация және оқытудың аралас режимінде курс тыңдаушысын өздігінен оқыту.

17. Педагогтардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда кейіннен талқылау және рефлексия бар жұмысты кеңінен қолдану; құжаттамамен жұмыс; шағын топтарда ұжымдық жұмыстарды кейіннен таныстыру бар теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау қарастырылған.



## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

18. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) білім беруде ерекше қажеттіліктерді бағалау үдерісін талдау, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ерекшеліктерін терең зерттеуге арналған үлестірмелі материалдар.
- 3) педагог-ассистенттің құжаттамаларының жиынтығы;
- 4) педагог-ассистентпен сабаққа арналған білім алушылардың жеке бағдарламаларының үлгілері;
- 5) сауалнама парақтары, бақылау және өздік жұмыс материалдары.

1-модуль және 2-модуль тақырыптарын аяқтағаннан кейін сабақтарды өткізу барысында курс тыңдаушыларына аралық бағалау – курс тыңдаушыларын формативті бағалау бойынша сабақтар, бақылау жұмысы жүргізіледі. 1- және 2-модульдің әрбір өтетін тақырыбы аумағында формативті бағалау бойынша сабақтар тыңдаушылардың талдау, синтез, түрлі практикалық тапсырмаларды бағалау деңгейлерінде орындаумен жоспарланған. 3-модуль тақырыптары аяқталғаннан кейін аралық тестілеу, курс аяқталғаннан кейін қорытынды тестілеу түрінде жиынтық бағалау жүргізіледі. Тыңдаушылардың өздік жұмысы семинарлар (вебинарлар), кейстерді талдау, жобалық тапсырмаларды әзірлеу кезінде, формативті бағалау сабақтарында ұйымдастырылады.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

19. Тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өздік жұмыс, жедел сауалнамалар, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курс бойынша аралық тестілеу жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

20. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлар-оқытушылар құрамы курстың ОӘК-не енгізілетін Бағдарлама мазмұнын бағалау критерийлері мен оны меңгеру параметрлерін әзірлейді.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

21. Курстан кейінгі қолдау қашықтықтан кеңес беру, онлайн-форумдар, тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

Курстардан өткеннен кейін тыңдаушыларды қолдау жоспарлы семинарлар, вебинарлар, конференциялар өткізу арқылы біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамының желілік өзара әрекеттері, сондай-ақ түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта,

орталықтың сайты, жалпы чаттар және т.б.) қолдану арқылы жеке қарым-қатынас барысында жүзеге асырылады.

## **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

### **22. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы.

2. «Білімді ұлт» Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 тұжырымдамасы;

4. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

5. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы;

6. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы)

7. «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласындағы саясат және практикалық қызмет қағидадары туралы» Саламанка декларациясы, 1995.

8. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

9. Орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары/ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

10. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ № 500 бұйрығы.

11. Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі 0-4 сыныптардың мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларына арналған үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бұйрығы.

12. Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 5-10 сыныптардың мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларына арналған үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы.

13. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың

үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 2018 жылғы 14 маусымда өзгерістер енгізілді.

14. Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2015 ж.

15. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін педагогикалық диагностикалау (ағымдағы бақылау) әдістемесі. Әдістемелік ұсынымдар. Алматы, 2018.

16. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагог-ассистентпен сүйемелдеу: әдіст. ұсынымдар/Е.В.Егорова, Ж.Б.Аханова, Д.Х.Култаев. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2022.- 42-б.

### **23. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:**

1. Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Методические рекомендации/сост. А.К. Ерсарина, Г.К. Кудайбергенова, К.Б. Досыбаева, Т.Н. Алмазова. – Алматы, 2015.

2. Сиротюк А.Л. Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения. – М.: ТЦ Сфера, 2003.

3. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте: Учебное пособие для высших учебных заведений//А.В. Семенович. – М.: Издательский центр «Академия», 2002.

4. Практическая нейропсихология. Помощь неуспевающему школьнику. под ред. Ж.М. Глозман. – М., 2009.

5. Письмо и чтение: трудности обучения и коррекции / Под ред. О.Б. Иншаковой. – М., 2003.

6. Организация деятельности логопедического пункта. Методические рекомендации/сост.Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ КП, 2017.

7. Ахутина Т.В., Камардина И.О., Пылаева Н.М. Нейропсихолог в школе. Индивидуальный подход к детям с трудностями обучения в условиях общего образования. – М.: В.Секачев. - 2013. – 57 с.

8. Джон О. Купер, Тимоти Э. Херон, Уильям Л. Хьюард. Прикладной анализ поведения. Ред. перевода: Н. Н. Алипов. Науч. консультант перевода: З. Х. Измайлова-Камар. – М. «Практика», 2016. – 864 с.

9. Мелешкевич О.В., Эрц Ю.М. Особые дети: введение в прикладной анализ поведения. – М. «Бахрах-М», 2014. – 208 с.

10. Шаповалова О. Введение в прикладной анализ поведения. Науч. редактор Н. Н. Алипов. – М. «Практика», 2020. – 192 с.

ерекше білім беруді қажет ететін  
балаларды педагог-ассистенттің сүйемелдеуі»  
білім беру бағдарламасына  
1-қосымша

**Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтар тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Шеберлік сыныбы	КПС	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Тест	Барлығы
	<b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	<b>8</b>								<b>8</b>
1.1	Инклюзивті білім беру ұғымы, саясаты және әдіснамасы	4								4
1.2	Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база	4								4
2	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>16</b>								<b>16</b>
2.1	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар топтарының сипаттамасы	4								4
2.2	Білім беру Ерекше қажеттіліктердің сипаттамасы	4								4
2.3	Мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;	4								4
2.4	Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (тәсілдері). ПМПК қорытындысы бар оқушының мектепте ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау	4								4
3	<b>Мазмұндық модуль</b>	<b>18</b>	<b>2</b>					<b>2</b>	<b>1</b>	<b>23</b>
3.1	Оқушылардың білім беруде ерекше	4								4

	қажеттіліктерін анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі)								
3.2	Педагог-ассистенттің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Тексеру нәтижелерін құжаттамаға салу	4	2				2		8
3.3	Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі	4							4
3.4	АВА терапиясы. Мінез-құлығында бұзылыстары бар балаларды түзету кезінде мінез-құлық терапиясын қолдану ерекшелігі	6							
	Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін тексеру							1	1
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>12</b>	<b>4</b>				<b>4</b>	<b>1</b>	<b>21</b>
4.1	Мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері	4	2				2		8
4.2	Мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың жағымсыз мінез-құлығын жеңудің әдістері мен тәсілдері	4					2		8
4.3	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудегі сенсорлық интеграция әдістері: сенсорлық интеграция дегеніміз не	4							4
4.4	Тыңдаушылардың оқу және практикалық жетістіктерінің диагностикасы							1	1
5	<b>Вариативтік модуль</b>	<b>2</b>		<b>2</b>					<b>4</b>

5. Қарым-қатынастың 1 баламалы жүйелері	2		2						4
<b>Барлығы:</b>	<b>56</b>	<b>6</b>	<b>2</b>				<b>6</b>	<b>2</b>	<b>72</b>

«Жалпы білім беретін мектепте  
ерекше білім беруді қажет ететін балаларды  
педагог-ассистенттің сүйемелдеуі»  
білім беру бағдарламасына  
1-қосымша

### Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Күндізгі оқу				Қашықтан оқу			Өздігінен оқу 48 с. Тыңдаушыны өз бетінше оқыту	Барлығы
		16 с. Деріс	Практ. сабақ	Трен инг	Жобан ы қорғау	8 с. Вебин ар	Онлай н- форум	Онлайн консультац ия		
1.	<b>Нормативтік- құқықтық модуль</b>	<b>2</b>							<b>2</b>	<b>4</b>
1.	Инклюзивті білім беру ұғымы, саясаты және әдіснамасы								2	4
	Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база									
2	<b>Психологиялық- педагогикалық модуль</b>					<b>2</b>			<b>3</b>	<b>5</b>
2. 1	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар топтарының сипаттамасы					1				1
2. 2	Білім беруде ерекше қажеттіліктердің сипаттамасы					1			3	4
	Мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиялық- педагогикалық сипаттамасы;									
	Даму мүмкіндіктері									

	шектеулі оқушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (тәсілдері). ПМПК қорытындысы бар оқушының мектепте ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау								
3	<b>Мазмұндық модуль</b>	<b>10</b>			<b>1</b>			<b>20</b>	<b>31</b>
3.1	Оқушылардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі)	4						2	6
3.2	Педагог-ассистенттің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Тексеру нәтижелерін құжаттамаға салу	2						2	4
3.3	Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі	2						2	4
3.4	АВА терапиясы. Мінез-құлығында	2			<b>1</b>			10	13

	бұзылыстары бар балаларды түзету кезінде мінез-құлық терапиясын қолдану ерекшелігі								
3. 5	Тыңдаушылардың оқу жетістіктерінің диагностикасы							4	4
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>4</b>			<b>3</b>			<b>21</b>	<b>28</b>
4. 1	Мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері	2			1			6	9
4. 2	Мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылардың жағымсыз мінез-құлығын жеңудің әдістері мен тәсілдері				1			8	9
4. 3	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудегі сенсорлық интеграция әдістері: сенсорлық интеграция дегеніміз не							4	4
4. 4	Тыңдаушылардың оқу және практикалық жетістіктерінің диагностикасы	2			1			3	6
5	<b>Вариативтік модуль</b>						<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>
5. 1	Қарым-қатынастың баламалы жүйелері						2	2	4
<b>Барлығы:</b>		<b>16</b>			<b>6</b>		<b>2</b>	<b>48</b>	<b>72</b>